

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қарашадағы N 1389 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 шілдедегі N 774 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.14. N 765 қаулысымен

***Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.14. N 765 қаулысымен.***

Отандық тауар өндірушілерді қолдау және экспортқа бағдарланған өндірісті ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Әкелінетін тауарларға кеден бажының ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қарашадағы N 1389 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 46, 450-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

мәтіндегі "\*" деген белгі "\*\*\*" деген белгімен ауыстырылсын;

"Баж ставкасы (кеден құнының пайызымен не ЕВРО-мен)" деген баған мынадай редакцияда жазылсын: "Баж ставкасы (кеден құнының пайызымен не ЕВРО-мен)\*";

мынадай:

|          |                                                                                                                                            |                                            |
|----------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| "1601 00 | шұжықтар мен еттен, қосымша ет өнімдерінен немесе қаннан жасалатын соған ұқсас өнімдер; олардың негізінде дайындалған дайын тамақ өнімдері | 20, бірақ 1 кг үшін 0,4 ЕВРО-дан кем емес  |
| 1602     | еттен, қосымша ет өнімдерінен немесе қаннан жасалатын дайын немесе консервіленген өзге де өнімдер                                          | 20, бірақ 1 кг үшін 0,5 ЕВРО-дан кем емес" |

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

|          |                                                                                                                                            |                                           |
|----------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------|
| "1601 00 | шұжықтар мен еттен, қосымша ет өнімдерінен немесе қаннан жасалатын соған ұқсас өнімдер; олардың негізінде дайындалған дайын тамақ өнімдері | 35, бірақ 1 кг үшін 0,4 ЕВРО-дан кем емес |
|----------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------|

|                                                             |                                                                                                                                                               |                                                             |
|-------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|
| 1602                                                        | еттен, қосымша ет өнімдерінен<br>немесе қаннан жасалатын дайын<br>немесе консервіленген өзге де<br>өнімдер<br>кем емес";                                      | 35, бірақ<br>1 кг үшін<br>0,5 ЕВРО-дан                      |
| мынадай:                                                    |                                                                                                                                                               |                                                             |
| "2207 10 000 0                                              | ұйытылмаған этил спирті,<br>спирттің қоспасы 80 айн.%<br>немесе одан астам<br>кем емес"                                                                       | 100, бірақ<br>1 л үшін<br>1,0 ЕВРО-дан                      |
| деген жол мынадай редакцияда жазылсын:                      |                                                                                                                                                               |                                                             |
| "2207 10 000 0                                              | ұйытылмаған этил спирті<br>спирттің қоспасы 80 айн.%<br>немесе одан астам                                                                                     | 100, бірақ<br>1 л үшін<br>2,0 ЕВРО-дан<br>к е м е м е с " ; |
| мынадай:                                                    |                                                                                                                                                               |                                                             |
| "2208                                                       | ұйытылмаған, спирттің қоспасы<br>80 айн.% кем этил спирті; спирт<br>тұнбалары, ликерлер және өзге де<br>спирттік ішімдіктер                                   | 1 л үшін<br>1,0 ЕВРО"                                       |
| деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын: |                                                                                                                                                               |                                                             |
| "мыналардан басқа:                                          |                                                                                                                                                               |                                                             |
| 2208 60                                                     | арақ                                                                                                                                                          | 1 л үшін 2,0<br>Е В Р О " ;                                 |
| "3402 90-ден                                                | үстіңгі қабаты активті<br>органикалық заттар, бөлшек<br>саудаға арналып бөлшектеп<br>оралмаған жуғыш және тазалау<br>заттары*                                 | 15"                                                         |
| деген жол алынып тасталсын;                                 |                                                                                                                                                               |                                                             |
| "3917 32 310 0                                              | басқа материалдармен бекітілген<br>немесе араластырылмаған<br>фитингісіз, этилен<br>полимерлерінен жасалған<br>құбырлар, түтіктер және<br>шлангілер, өзгелері | 0"                                                          |
| деген жол мынадай редакцияда жазылсын:                      |                                                                                                                                                               |                                                             |
| "3917 32 310 0                                              | басқа материалдармен<br>бекітілмеген немесе<br>араластырылмаған, фитингісіз,                                                                                  |                                                             |

этилен полимерлерінен жасалған  
құбырлар, түтіктер және  
шлангілер, өзгелері 10";

"4418 30 100 1, үш қабатты паркетті, қалқымалы  
4418 30 910 1, тақта көркем паркет  
4418 30 990 1 0"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:  
"4418 30-дан үш қабатты паркетті; қалқымалы  
тақта, көркем паркет\*\* 0";

"8103 қалдықтары мен сынықтарын  
қоса алғанда, тантал және одан  
жасалған бұйымдар 5"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"мыналардан басқа:

8103 30 000 0 тантал қалдықтары мен сынықтары 0";

"9113 10 100 0 тағуға немесе өзімен бірге алып  
жүруге арналған, қымбат бағалы 5, бірақ  
металдан жасалған сағаттарға 1 кг үшін  
баулар, ленталар мен білезіктер 1 ЕВРО-дан  
және олардың бөлшектері кем емес"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"9113 10 100 0 тағуға немесе өзімен бірге алып  
жүруге арналған, қымбат бағалы  
металдан жасалған сағаттарға 5, бірақ кемінде  
баулар, ленталар мен білезіктер 1 кг үшін  
және олардың бөлшектері 1 ЕВРО-дан".

1 - қосымшаға ескертпелерде:

"\*Тауар номенклатурасы тауарлардың кодымен де, атауларымен де  
айқындалады." деген сөздердің алдынан мынадай мазмұндағы ескертпелермен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"\*Тауарлардың килограмм массасына ЕВРО-мен немесе тауарлардың  
килограмм массасына ЕВРО-ны ерекшелікпен құрайтын құрамдастырылған  
ставкалармен белгіленген ерекше ставкалармен алынатын кедендік баждар  
сомаларын есептеу кезінде есептік база ретінде тауар пайдаланылғанға дейін  
одан ажырамайтын және тауар көтерме сауда үшін ұсынылатын оның алғашқы  
орамасын ескере отырып, тауар массасы пайдаланылады.";

"\*Тауар номенклатурасы тауарлардың кодымен де, атауларымен де  
айқындалады." деген сөздер "\*\*\*Тауар номенклатурасы тауарлардың кодымен де,  
атауларымен де айқындалады." деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуропалық экономикалық қауымдастық Интеграциялық Комитетінің Хатшылығына Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабарласын.

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап отыз күн өткеннен кейін күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК